

Миссионерлік қызметті жүзеге асырушы шетел азаматтарын есептік тіркеуге алуды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімиятының 2003 жылғы 3 қыркүйектегі N 183/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 11 қыркүйекте N 2027 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 13 наурыздағы N 64/3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 13.03.2014 N 64/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына , 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы " Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері туралы" N 136 қаулысын орындау мақсатында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Облыс аумағында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын (қосымша), діни-ағарту құралдары арқылы уағыз айту және діни ілімді тарату құқығын беретін шетел азаматын есептік тіркеу куәлігінің нысаны бекітілсін.

2. Облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабекова миссионерлік қызметті жүзеге асырушы шетел азаматтарын есептік тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2003 жылғы 3 қыркүйектегі
" Миссионерлік қызметті
жүзеге асырушы шетел
азаматтарын есептік тіркеуге
алуды ұйымдастыру туралы "
№ N 183/8 қаулысына қосымша

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ
ШЕТЕЛ АЗАМАТЫН ЕСЕПТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ**

КУӘЛІК

Тіркеу N _____

Павлодар қаласы

2003 жылғы " ____ " _____

Тегі, аты - жөні: _____

Төлқұжаты: _____

Азаматтығы: _____

ұстанатын діні _____

_____ діни бірлестігінде (атауы _____, заңды тіркелуі туралы куәлігінің нөмірі) миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін шақырылды.

Куәлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы " Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасын да болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері туралы" N 136 қаулысына сәйкес діни-ағарту құралдары арқылы _____ аумағында 2003 жылғы " ____ " _____ дейін (өтініш бойынша) уағыз айту және діни ілімді тарату құқығын береді.

*Павлодар облысы әкімінің орынбасары,
діни бірлестіктермен байланыс
жөніндегі Кеңестің төрағасы*
МО